



010000, Нұр-Сұлтан к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

13. 04. 2021 № 3 ге

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2021 жылғы 13 сәуірдегі
қаулысы**

**«Триумфальная арка»
(Мәңгілік Ел даңғылы, 35
үй) тұрғын үй кешенінің
маңындағы аумақты және
үй-жайларды су басу
мәселесін талқылау)**

Бланк серийлық номеріз жарнама
Бланк без серийного номера не действителен

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Триумфальная арка» (Мәңгілік ел даңғылы, 35 үй) тұрғын үй кешенінің іргелес аумағы мен үй-жайларын су басу проблемаларын тыңдалап және талқылаап, төмендегіні атап өтеді.

Астананың нөсерлік көріз жүйесі 17 тазарту құрылышынан және 2 жинақтағыш тоғаннан, ауданы 15,4 мың гектардан астам аумақтан жер үсті ағындарын бұруды қамтамасыз ететін нөсерлік, дренаждық және науа-арық көріз желісінің 610,8 километр магистральдық коллекторларынан тұрады.

Су бұру желілерінің ұзындығы 991 километрді құрайды, оның ішінде 234 километр (26 %) 100% тозған және одан әрі пайдалануға жатпайды.

Сүмен жабдықтау жүйелерінің орташа тозу деңгейі - 40,5%.

Орталықтандырылған су бұруға халықтың 95,1%-ы қол жеткізе алады.

2021-2025 жылдары қаржыландыруды бөлу кезінде әзірленген және бекітілген жобалау-сметалық құжаттамасы бар, жалпы құны 25,4 миллиард теңге шаруашылық-тұрмыстық көріз объектілерін салу бойынша 9 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Қаланың сол жағалау бөлігін көріздендіру Мәңгілік ел даңғылы, Керей Жәнібек хандар көшесі және Тұран даңғылы бойынша өтетін, 2008 жылды пайдалануға берілген, диаметрі 1600 миллиметр, ұзындығы 6 километр жалғыз магистральдық шыны пластик коллектор бойынша жүзеге асырылады.

2018 жылы жүргізілген коллекторды зерттеу нәтижелері бойынша шыны пластиктің едәуір қатпарлану участкелері, сондай-ақ коллектордың контруклондары мен құлауына және соның салдарынан оның жұмысының үнемі бұзылуына, халықтың және кәсіпкерлердің сарқынды суларды бұру бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына шағымдарына алып келген көптеген деформациялар мен көлденең сынықтар анықталды. Жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары күтілетін нәтиже бермейді және осы коллектордагы апаттылық корсеткіші ілгерілеуді жалгастыруды.

Бұгашті 23 түрғын үй кешеніндес (6 992 пәтер) жертоле үй-жайлары мен паркингтердің нәжісі су астында қалуда.

Елорданың сол жағалау бөлігінде сарқынды суларды бұрудың балама нұсқасы жоқ, ал қолданыстағы құбырды одан әрі пайдалану сарқынды сулардың жер бетіне шығып, Мәңгілік ел даңғылы, Керей Жәнібек хандар көшесі мен Тұран даңғылының көлік жүретін бөліктері мен тротуарларын су басып, техногендік және экологиялық сипаттағы қайтымсыз теріс салдарға әкелуі мүмкін екенін айта керек.

Аталған мәселені шешу үшін «Нұр-Сұлтан қаласының отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ диаметрі 1600 миллиметр, ұзындығы 7,64 километр, Мәңгілік ел даңғылынан бастап көріздік тазарту құрылыштары мен өнімділігі тәулігіне 294 мың текше метр көріздік сорғы станциясына дейінгі магистральдық көріз коллекторын салуға жоба әзірленді.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - тұрақты комиссия) қаланың көріз жүйесін салу және реконструкциялау қаланың даму перспективаларын ескермей жүзеге асырылатынын атап өтті. Осыған байланысты тұрақты комиссияның депутаттарын Нұр-Сұлтан қаласы бөліктерінің инженерлік, көлік инфрақұрылымы және қала құрылышы аспектілері мәселелері бойынша атқарушы органдар мен коммуналдық үйлімдердің жұмыстарын үйлестіру жөніндегі жұмыс тобының қосу ұсынылады.

Қаланың көріз жүйесінің маңызды мәселелерінің бірі шаруашылық-тұрмыстық көрізді нөсерлі көрізге төгу болып табылады, және керісінше, осыған байланысты осындай жағдайларға бақылауды күшету және кінелі адамдарды жауапкершілікке тарту қажет.

Сонымен қатар, нөсер көріздерінің тұнбасы проблемасы бар. «ELORDA ECO SYSTEM» ШЖҚ МҚК қызметінің негізгі бағыты елорданың нөсер көрізі желілеріне қызмет көрсету болып табылады, осылайша нөсер көрізін тазартуды қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, жауын-шашын көрізінің бар проблемаларына талдау жасау және осы ұйым құрылған сәттен бастап атқарылған жұмыс туралы ақпарат беру ұсынылады.

«Астана су арнасы» ШЖҚ-дағы МҚК тұрғын үй кешендерінің аумағы мен үй-жайларын су басу жағдайын жақсарту мақсатында көп пәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелерінің бірлестіктеріне көріз шығару, кері клапандарды

орнату және үй-жайларда гидрооқшаулағыш материалдармен жұмыс жүргізу бойынша жұмыс жүргізу ұсынылды. Алайда аталған ұсыныстардың орындалмау фактілері орын алуда, осыған байланысты осындай компаниялардың тізімін жасап, ақпараттық жұмысты жүргізуді күшету қажет.

Сонғы үш жылда іске асырылып жатқан нөсер және шаруашылық-тұрмыстық көріз жүйелерін дамытуға бағытталған жобалар бойынша, сондай-ақ көрсетілген жобалардың жоспарланған құнының ұлғаюына әсер стксн сабесітер бойынша құрылыш мерзімдерін сақтау туралы мәселелер бар.

Жоғарыда баяпдалғаптың негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. «Триумфальная арка» (Мәңгілік ел даңғылы, 35 үй) тұрғын үй кешенінің іргелес аумағы мен үй-жайларын су басу проблемасын талқылау жөніндегі ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

Нұр-Сұлтан қаласының нөсерлік және шаруашылық-тұрмыстық көріз жүйелерін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

«BI Service» басқарушы компаниясымен, «Астана су арнасы» ШЖК-дағы МҚҚ және басқа да уәкілетті ұйымдармен бірлесіп «Триумфальная арка» тұрғын үй кешенінің аумағын су басу проблемаларын жою бойынша жұмыс жүргізу;

тұрақты комиссияның депутаттарын Нұр-Сұлтан қаласы бөліктерінің инженерлік, көлік инфрақұрылымы және қала құрылышы аспектілері мәселелері бойынша атқарушы органдар мен коммуналдық ұйымдардың жұмыстарын үйлестіру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу;

шаруашылық-тұрмыстық көрізді нөсерге ағызу және керісінше жағдайларға бақылауды күшету, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту;

Нұр-Сұлтан қаласының нөсерлік көрізін тазалауды қамтамасыз ету;

Нұр-Сұлтан қаласының нөсерлік көрізінің орын алып отырған проблемаларына талдау жүргізу;

«ELORDA ECO SYSTEM» ШЖК-дағы МҚҚ-ның құрылған сәтінен бастап атқарған жұмыстары туралы анықтама ұсыну;

көп пәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелері бірлестіктерінің және басқарушы компанияларының «Астана су арнасы» ШЖК-дағы МҚҚ-ның көріздік шығарылымдарды, кері клапандарды орнату қажеттілігі бойынша, үйлердің үй-жайларында гидрооқшаулағыш материалдармен жұмыстар жүргізу жөніндегі ұсынымдарын орындаіттын тізімін жасау;

көп пәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелері мен басқарушы компанияларының бірлестіктерімен үйлерді су басудың алдын алу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізуді күшету;

сонғы үш жылда іске асырылатын нөсер және шаруашылық-тұрмыстық көріз жүйелерін дамытуға бағытталған жобалар бойынша құрылыш

мерзімдерінің сакталуы, сондай-ақ көрсетілген жобалар құнының өсуіне әсер еткен себептер туралы ақпарат ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылышы, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**

Б. Котырев